*Товарищество с ограниченной ответственностью * Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*

**ТОО «ГеоСтройИнжиниринг»** **«ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС**

120016 инд., Қызылорда к., Мерей м/а, 18а/38;
инд. 120016, г. Кызылорда, м/р Мерей, д. 18а/38;
18a, Merei district., Kyzylorda city., Kazakhstan

(+7 7242) 25 91 41; 8 777 752 1780
fax (+7 7242) 25 91 41;
e-mail: geostroiengineering@mail.ru

Исх/ Шығ. № 366 «19» шілде 2018 г.

**"ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ басшысына**

**«Жанакорган ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық ММ-не**

**Жанакорган ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық ММ-не**

**№ 2629493-2 санды ашық конкурсы бойынша коммисия құрамына**

**«ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-гі**
**БИН 080540013519**
**Қызылорда қаласы, Мерей м/а 18 а/38**
**Тел. + 7 724 2 25 91 41, + 7 777 752 17 80**

*№ 2629493-2 санды ашық конкурсы*
*бойынша коммисия құрамына наразылық*

«Жанакорган аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық ММ-і ұйымдастырушы «Жанакорган ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» комуналдық ММ-і № 2629493-2 санды ашық конкурсы бойынша «Инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21 861,78 га суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) жерге орналастыру жобасы мен сәйкестендіру құжатын дайындау» бойынша ашық конкурс жариялаған болатын.

Жариялан тендер бойынша «ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-гі конкурсқа қатысу үшін өнінім білдіріп, қатысқан болатын.

*«Жанакорған ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің басшысы Т. Базарбаевпен 2018 жылдың 28 мамырында бекіткен «Инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21 861,78 га суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) жерге орналастыру жобасы мен*

*сәйкестендіру құжатын дайындау» жөніндегі Техникалық тапсырманың 9 бөлігіне сәкес «Мемлекеттік сатып алу туралы туралы» Заңының 9 бабына сәйкес, әлеуметтік өнім беруші келесі арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс делінген.*

*Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде:*

*Меншік немесе жалға алу құқығында:*

1. *Компьтер (жиынтығымен);*
2. *Тексерістен өткізілген (GPS) өлшеу құралы;*
3. *Өту аумағы жоғары жол таңдамайтын автоқөлік: Геодезист;Жерге орналастыру маманы;*
4. *Жұмысшыларды мерзімінді орындау мақсатында жұмыс аумағы 3 топқа юөліп жасау ұсынылады.*
5. *Атап айтқанда осы талаптарды орындаса аталған жұмысты атқаруға жеткілікті делінген.*

*«ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-гі аталған талаптарды толығымен орындаған және тиісті дәлелдеме ретінде жұмысшылардың еңбек шарттарын Веб порталға салған.*

*Алайда, Коммисия мүшелері № 2629493-ОК2 қорытындылар туралы хаттамасында «ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-не «**ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына" сәйкес. Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстары бойынша ұсынылған мамандардың растаушы еңбек шарттары тиісінше ресімделмеген, еңбек шарттарда жұмысшылардың мекен жайы көрсетілмеген»** - деген ескертпе жасап конкурска катысуға қабылдамаған.*

**ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабының 1- тармағына сәйкес «Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары»**

1. Әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы;

5) жұмыс тәжірибесінің болуы.

Заңның 9-бабының 2-тармағының 1-таммақшасына сәйкес «***мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін***» мән жайларды талап етуге құқылы емес делінген;

Заңның 4-бабына сай Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру аясында Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары болып табылатындар:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;

5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;

6) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

8) инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

9) сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау қағидаттарына негізделеді.

Осы Заңның қолдану аясында «ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-гін *«конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстары бойынша ұсынылған мамандардың растаушы еңбек шарттары тиісінше ресімделмеген, еңбек шарттарда жұмысшылардың мекен жайы көрсетілмеген» - деп шектеуі негізсіз болып табылады.*

Заңның 9-бабының 2-тармағының, 2-тармақшасына сәйкес ***«тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді»*** -делінген, Алайда осы конкурс бойынша құрылған конкурстық коммисиясының еңбек шарттарында жұмысшылардың мекен жайы көрсетілмеген деген уәждері ***міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайты көрініп отыр.***

ҚР Еңбек Кодексінің 24-бабында көрсетілгендей Еңбек шартының нысанасы «Еңбек шарты бойынша жұмыскер жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесі қағидаларын сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді»-делінген.

Осы конкурсқа қатысушы болып табылатын **"MP-CAPITAL.KZ" ЖШС, БСН (ЖСН): 091040009963,** конкурсқа ұсынылған еңбек шарттарында жұмысшылардың мекен жайы көрсетілмеген, Алайда коммисия мүшелері осы аталған серіктестікті конкурсқа қатысуға рұқсат берген.

Осы мемлекеттік сатып алу туралы Заңы аясында мемлекеттік сатып алуды электронды Веб порталында жария етілген болатын. Веб порталда конкурсқа

қатысушыларға қойылған талапнамада Куәлік, диплом, сертификаттар және басқада құжаттар қажет етілмейді делінген. (Скрин шот ұсынылады)

Ал еңбек шарттары қосымша ұсынылған құжаттар болып табылады.

Жоғарғылардың негізінде Сізден **сұраймын.**

**1.** № 2629493-2 санды ашық конкурсы бойынша ұйымдастырылған конкурстық құжаттарға тексеріс жүргізуді.

**2.** №2629493–ОК2 бойынша конкурстық комиссияның «ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-не *«Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілген еңбек ресурстары бойынша ұсынылған мамандардың растаушы еңбек шарттары тиісінше ресімделмеген, еңбек шарттарда жұмысшылардың мекен жайы көрсетілмеген»* - деп рұқсат бермеуін негізсіз деп санауды.

**3.** «ГеоСтройИнжиниринг» ЖШС-гін **2629493-2**–ОК2 «Инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21 861,78 га суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) жерге орналастыру жобасы мен сәйкестендіру құжатын дайындау» құжаттарын дайындау жөніндегі жұмыстары бойынша конкурсқа қатысушы ретінде рұқсат беруін.

**4.** Қабылданған шешімді Қазақстан Республикасы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес мерзімінде жазбаша түрде жауап беруіңуізді сұраймын.

Қосымша тіркелді:

1. №2629493-ОК2 Қорытындылар туралы хаттама
2. Веб порталдан скрин шот
3. «Жанакорған ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің басшысы Т. Базарбаевпен 2018 жылдың 28 мамырында бекіткен *«Инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21 861,78 га суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) жерге орналастыру жобасы мен сәйкестендіру құжатын дайындау»* жөніндегі Техникалық тапсырма көшірмесі

**Директор** **И. Мусрепов**

Орынд. Айдаргазиев Н.
8 777 047 94 28